


**Ыбырай
Алтынсарин**

Ыбырай Алтынсариннің
еңбектері мен шығармалары.



❖ Ыбырай Алтынсариннің еңбектері мен шығармаларын зерттеу және тақырыптарының мазмұнын ашу.





- ❖ **Ыбырай Алтынсариннің өмірі туралы мәлімет жинақтау.**
- ❖ **Ы. Алтынсариннің ағартушылық қызметі және жазған оқулықтары жайында ізденіс жұмыстарын жүргізу.**
- ❖ **Әңгіме мен өлеңдерінің мазмұнын ашу.**

Ыбырай Алтынсариннің еңбектері мен шығармалары.

Ыбырай Алтынсарин 1841 жылы 20 қарашада Қостанай облысы Затабол ауданында дүниеге келді. Әкесі Алтынсары ауыл молдасы алдын көргені болмаса, басқадай оқу құмаған момын, үй-шаруасымен айналысқан адам болған. Ол Ыбырай үш жасқа толғанда қайтыс болады. Анасы Айман арғын руынан Шеген бидің қызы. Ыбырай әкесі өлгеннен кейін тәлім тәрбиені Балғожа биден алады. Балғожа Жаңбыршин – белгілі би, ірі бай болған адам.

Ыбырай 1851 жылы 22 тамызда Орынбор шекара комиссиясы жанынан қазақ балалары үшін ашылған мектепте 30 баланың бірі болып қабылданады. Мектеп қабырғасында ол көп нәрсені үйренеді – орыс тілін меңгереді, Ресей экономикасының озық екенін түсінеді. Болашақ ұлы педагогтың ой дүниесі кеңейіп, байқампаздық қасиеттері дамиды.

Шығармалары

Өлеңдер

ертегіле
р

Әңгімелер



Шығармаларының тақырыптары

Білімге

Кел, балалар,
оқылық!

Өнерге

Өнер-білім
бар жұрттар!

Анаға

Бұл кім?

Еңбекк
е

Өрмекші,
құмырсқа,
қарлығаш.

Асыл шөп.

Бақша
ағаштары.

Бір уыс
мақта.



Кел, балалар, оқылық!

**Кел, балалар, оқылық!
Оқығанды көңілге,
Ықыласпен тоқылық!**

**Оқысаңыз, балалар,
Шамнан шырақ жағылар
Тілегенің алдыңнан
Іздемей-ақ табылар.**

**Кел, балалар, оқылық!
Оқығанды көңілге,
Ықыласпен тоқылық!**

**Мал дәулеттің ба йлығы
Бір жұтасаң жоқ болар
Оқымыстың байлығы
Күннен-күнге көп болар,
Еш жұтамақ жоқ болар.**

**Сиса көйлек үстінде
Тоқуменен табылған
Сауысқанның тамағы
Шоқуменен табылған.....
Өнер-білім бәрі де
Оқуменен табылған.**

**Надандықтың белгісі
Еш ақылға жарымас
Жайылып жүрген айуандай
Ақ, қараны танымас
Аяңшыл ат арымас
Білім деген қарымас
Жөн білмеген адамға
Қыдыр-ата дарымас.**

**Кел, балалар, оқылық!
Оқығанды көңілге,
Ықыласпен тоқылық!**

Өнер-білім бар жұрттар.

Өнер-білім бар жұрттар,
Тастан сарай салғызды,
Айшылық алыс жерлерден,
Көзден ашып-жұмғанша,
Жылдам хабар алғызды
Аты жоқ құр арбаны
Мың шақырым жерлерге
Күнжарымда барғызды,
Адамды құстай ұшырды
Мал істейтін жұмысты
От пен суға түсірді,
Отынсыз тамақ пісірді.
Сусыздан сусын ішірді,

Теңізде жүзді балықтай,
Дүниені кезді жалықпай,
Білгендерге осылар-
Бәрі дағы анықтай,
Білмегенге танықтай,
Біз де бекер жатпалық
Осыларға таныспай,
Ат өнері білінбес,
Бәйгеге түсіп жарыспай.
Желкілдеп шыққан көк шөптей,
Жаңа өспірім достарым,
Қатарың кетті-ау алысқа-ай.

Бұл кім?

Бала, бала, бала деп,
Түнде шошып оянған
Түн ұйқысын төрт бөліп,
Түнде бесік таянған.
Аялы қолда талпынтқан,
Қаймақты сүттей қалқытқан.
Суық болса жөргегін,
Қорғасын оқтай балқытқан.
Айналасына ас қойып,
Изені көлдей шалқытқан.
Қолын қатты тигізбей,
Кірлі көйлек кигізбей,
Исін жұпар аңқытқан.



Бақша ағаштары.

Жаздың әдемі бір күнінде, таңертең бір төре өзінің баласымен бақшаға барып, екеуі де егілген ағаштары мен гүл жапырақтарын теріп көріп жүрді.

- Мынау ағаш неліктен тіп-тік, ана біреуі неге қисық біткен?-деп сұрады баласы.

- Оның себебі, балам, анау ағашты бағу-қағумен өсірген, қисық бұтақтары болса кесіп. Мынау ағаш бағусыз, өз шығу қалыбымен өскен, -деді атасы.

- Олай болса, бағу-қағуда көп мағына бар екен ғой, -деді баласы.

- Бағу-қағуда көп мағына барында шек жоқ, шырағым; мұнан сен де өзіңе әбірет алсаң болады; сен ағашсың, саған да күтім керек; мен сенің қате істеріңді түзеп, пайдалы іске үйретсем сен менің айтқанымды ұғып, орнына келтірсең, жақсы түзік кісі болып өсерсің, бағусыз бетімен кетсең сен де мынадай қисық біткен ағаштай қисық өсерсің, -деді.



Ыбырай Алтынсари н ескерткіші





**Ыбырай Алтынсарин
атындағы мұражай**



**Қостанай
қаласының
Тобыл өзенінің
жағасында
оның кесенесі
бар.**



Қорытынды

Қорытындылай келе Ыбырай Алтынсарин – қазақ халқының тұңғыш мұғалім-педагогі және қоғам қайраткері. Оның ұлы тұлғасы, оқытушылық-ағартушылық жолы В.В. Григорьев, Н.И. Ильминский, С.В. Чичерина, тағы басқа шығыстанушылардың естелік-еңбектерінде көрініс тапты, кейін қазақ совет әдебиетінде Ыбырай бейнесі біраз сомдалды.

С.Сейфуллин, М.Әуезов, Қ.Жұмалиев Ыбырай Алтынсарин бейнесін жасау мәселесіне тоқталып, ол туралы келелі ойлар айтты.

Белгілі ақын-жазушылар Ғ.Қайырбеков, Жайсаңбек Молдағалиев, М.Д. Симашко, тағы басқалары ұлы ағартушы бейнесін жасауда көп еңбек сіңірді. Оның бейнесі өнерде де көрініс тауып келеді. Театр сахналарында, суреттерде, мүсіншілер еңбегі арқылы да Ыбырай тұлғасы сомдала бастады.

Ыбырай Алтынсариннің педагогика саласындағы еңбегіне, әсіресе, оның әдеби творчествосына талдау жасауға алғаш тиянақты қалам тартқан белгілі әдебиет зерттеушісі Ә.Дербісалин болды. Ол 1957 жылы орыс, қазақ тілдерінде «Ыбырай Алтынсариннің жазушылық қызметі туралы» зерттеу еңбегін жеке кітап етіп шығарды. Сонымен қатар 1965 жылы ұлы педагогтің сан қырлы талантын түгелге жуық қамтыған «Ыбырай Алтынсарин» («Қазақстан» баспасы, Алматы) атты көлемді монографиясын шығарды. Айта кету керек, Ыбырай мұрасына байланысты біраз библиографиялық көрсеткіштер шықты.

Қазақ әдебиетінің тарихы мен қалыптаса бастау кезеңін зерттеуге ат салысқандардың бірі – М.И. Фетисов Ыбырай Алтынсаринді публицист ретінде көп көрсетті. Оның «Қазақ публицистикасының тууы» атты үлкен еңбегінде ұлы ағартушының жарияланған мақалаларына талдау жасалып, олардың қоғамдық-әлеуметтік орны көрсетілген.